

## МУЗЫКА ӨНЕРІНДЕГІ ТУЫСҚАН ТҰЛҒАЛАР

### Аннотация

Тұңғыш қазақ сахнасының сандуғашы Күләш Байсейітованың 100 жылдық мерейтойын атап өтіп, осыған орай фестивальдар, концерттер, байқаулар өткізумен қатар, ескерткіштер орнатып, баспасөз беттерінен әншінің өмірі мен шығармашылығы туралы айтылған. Кәсіби деңгейдегі қазақ сахналық және вокалдық ән саласының қалыптасып, даму жолында жасалған алғашқы қадамдарды куәландыратын ақпараттық деректер шоғырланған.

**Кілт сөздер:** музыка, өнер, тұлға, зерттеуші, ғалым, еңбек, ұстаз, тарих, сахна, әнші, вокал, опера, жұлдызды мәртебе.

**Ключевые слова:** музыка, искусство, личность, исследователь, ученый, труд, наставник, история, сцена, певец, вокал, опера, звездный статус.


**Keywords:** music, art, personality, researcher, scientist, labour, tutor, history, stage, singer, vocal, opera, star status.

Әр бір саланың беделді, сұранысы жоғары зерттеуші-ғалымдары бар. Мұндай ғалымдардың еңбегін оқырман мен оны қоршаған қоғам әуестене және асыға күтеді. Музыкатану ғылымында аға буын ғалымдардың еңбектерін әлеумет дер кезінде қаншалықты құмартып оқыған болса, бүгін олардың жолын үлкен жауапкершілікпен жалғастырып, «ендігі кезекте қандай еңбек шығарады екен» деп аптыққан көпшіліктің қызығушылығын арттырған авторлардың қатарында музыкатанушы-ғалым, ұлағатты ұстаз, өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Ақлима Қайырденқызы Омарованың еңбектері құнды. Музыкатанушының мерзімдік басылымдарда, конференция материалдарында және ғылыми журналдарда жарияланған қазақ опера өнерінің тарихы мен теориясына қатысты мәселелерге арналған көптеген мақалалары, сондай-ақ бірнеше жеке монографиялық зерттемелері мен құрастырушы ретінде өнер майталмандарының мерейтойларына байланысты шығарған жинақтары музыка өнері ортасында айрықша қолданылып, ғылыми айналымның орасан талқысына тартылуда. Ғалымның жуырда шығарған еңбектерінің біріне қазақтың бұлбұл әншісі Күләш Байсейітованың 100 жылдық мерейтойы түрткі болды.

Былтыр еліміздің өнер адамдары тұңғыш қазақ сахнасының сандуғашы Күләш Байсейітованың 100 жылдық мерейтойын атап өтіп, осыған орай фестивальдар, концерттер, байқаулар өткізумен қатар, ескерткіштер орнатып, баспасөз беттерінен әншінің өмірі мен шығармашылығы туралы мақалаларды және жеке кітаптарды жарыққа шығарды. Осы іс-шаралардың қатарында зерттеуші-ғалымның еңбегі оқшау тұрған дүние десек артық айтқан болмаспыз. Себебі, мұнда кәсіби деңгейдегі қазақ сахналық және вокалдық ән саласының қалыптасып, даму жолында жасалған алғашқы қадамдарды куәландыратын ақпараттық деректер шоғырланған. Бұл жинаққа өткен ғасырдың басында баспасөз беттерінде жарыққа шыққан, кітапхананың жертөлесінде шаң басып, сақталып жатқан материалдар топтастырылған. Автор бірізділікпен жүйелей мазмұндаған мақалаларды сирек қорлардан тауып, жыртылғанын жамап жазып, тиянақтаған. Мұның артында қаншалықты еңбек жатыр деп толғанасың! Осы орайда бұл еңбек кейінгі ұрпақтың алдына әзірлеп берген асыл қазына десек қателеспейміз. Ал дайын материалды келешек ізбасарлар қаншалықты ұқыпты пайладанып және қалай ар-ожданмен халықтың қажетіне жаратарын болашақта көре жатармыз.

Еңбектің құнды әрі сапалы шығуына автордың алға қойған мақсаты мен оның көңілі толмайтын мәселелері негіз болды. Кітаптың алғы сөзінде зерттеуші: «Күләш

Байсейітованың жеке көркемдік және тұлғалық феномені әлі де жеткілікті дәрежеде және соңына дейін ашылмағаны ескерерлік жағдай» - дей келе, «Ең алдымен, концептуалды сипаттағы мәселелер назардан тыс қалуда. «Билік – қоғам – суреткер» жүйесіндегі байланыс қалай құрылды? Идеологиялық және басқа да кедергілерді қалай жеңіп шықты? Уақыт талабы мен сұранысына орай (бұл ретте тек шығармашылық тұрғыда ғана емес) әншінің жеке өзінің хал-жағдайы қандай күйде еді?» – деген сұрақтардың басын ашады. Бұл сұрақтар мен алға қойылған мақсатының өзектілігі арқылы қазақтың музыка өнерінде Күләш туралы еңбектің орны ойсырап тұрғанын ұғасың! Бұлбұл әншіге көпшілік ғалымдардың күшімен энциклопедия арнасақ та жарасар еді. Бірақ қазір қолда барды бағалап, бүкіл ұжым атқарған еңбекке лайықты жасалған жинақтың құрылысын баяндаймыз.



Еңбектің бірінші бөлімінде тұңғыш рет Күләш Байсейітованың ширек ғасырдан астам уақыт бойы бүкілодақтық және республикалық баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен театр музыкасы туралы ой-пікірі мазмұндалған. Жаңа дәуірге аяқ басқан тар кезеңде орындаушы ретінде танылып, биікке самғай өрлеген және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, тағдыр таразысымен өлшенген сәттері уақыт өткен сайын жалпылама ғана мәлім екенін айтқан автор: «Оның төзімділігін сынаған күнделікті шындық пен жұлдызды мәртебесі тұрмысымен бірге шығармашылықты қатар ұстап, «сыйымсыздықты» сыйдыра білу, әртүрлі тараптарға сәйкес қоғамның ойынан шығу – кеше ғана емес, күні бүгін де қолдан келе бермейтін мәселе» – деп тұжырымдайды. Оның орындаушылық қадамынан кәсіби вокалдық-музыка дәстүрі бастау алып, опера өнерінің негізі салынған. Осы тұрғыдан алғанда бұл материалдар Күләштің көркемдік және эстетикалық талғамын («Хадиша рөлін қатты ұнатамын», «Ақжүніс образы – қиын образ», «Тамаша постановка» және т.б.), ауқымды дүниетанымын («Туысқан

халықтың творчестволық табысы», «Халықтар достығының бір айғағы» т.с.с.), қазақ музыка мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына қосқан қамқорлығы мен үлесін («Театр мәдениетін халық тілегіне сай көтерейік», «Сахнаға жастар шықты» т.б.) тұрмыс пен тіршілікте кездесетін қиындықтарды жеңіп, биік шындарға жеткен шығармашылық жолын («Сахнадағы шындық», «Көркем өнердің шебері болайық», «Звание лауреата обязывает» және т.б.) танып-білуге мүмкіндік береді. Бір өкініштісі баспа тарапынан жасалған: «Әйтсе де, сол кезеңдегі қоғамда орныққан жаппай Сталиннің жеке басына табыну жүйесі өмірдегі жетістіктердің барлығын байлап-матап тастады. Ол кезде «барлық ұлттардың әкесі» болып саналған адамды тоқтаусыз мадақтау міндетті болды және оны талқыға салу мүмкін емес еді. Бұл Күләш Байсейітованың мақалалары мен естеліктеріне тән. ... сол кезеңдегі кейбір ой-пікірлерді қазіргі оқырмандар қабылдай алмайтындығын ескеріп, «Өнер» баспасы тұтас өріліп тұрған мәтіндерді еш өзгертпестен кейбір тұстарын ықшамдап ұсынып отыр» – деп мақалаларды қысқартып тастауы қате шешім болғанын

баса айтамыз. Себебі, кеңес кезеңіндегі адамдар қазақ хандығы мен феодалдыққа қарсы болса, қазір біз Сталинге қатысты мәселелерді алып тастап отырмыз. Ол да біздің басымыздан өткен тарихымыз екенін ұмытпай, сол кезеңде өмір сүрген тұлғаларымыздың арқасында бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігімізде ұлттық мұраны жаңғыртуға мүмкіндік туып отырғанын қадірлейік. Сондықтан бұлбұл әнші Күләштің Сталинмен байланысты жазған мақалаларын «байлап-матап тастаудың» қажеті жоқ еді!

Келесі екі бөлімде мазмұндалған ғалымдар, ақындар, жазушылар, композиторлар, режиссерлар мен орындаушылардың еңбектері мен көркем туындылары арқылы жаңашыл әншінің дарындылық қасиеті және орындаушылық шеберлігі дер кезінде тек отандық замандастарымен ғана емес бүкілодақтық және дүниежүзілік деңгейде мойындалып, бағаланғаны байқалады. Атап айтатын болсақ, оның өнері алаш зиялылары Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Тәкен Әлімқұлов, Жұмағали Саин, Құрманбек Жандарбеков, ағайынды Абдуллиндер, Шара Жиенқұлова, Ғазиза Жұбанова және тағы басқаларымен қатар, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди, Владимир Мессман, Олег Мацкевич, Ирма Яунзем, Всеволод Рождественский, Дмитрий Снегин және т.с.с. еңбектерінде көрініс тапты. Бұл сирек материалдардың ішінде жетпіс бес жылдан астам уақыт бойы бірінші рет ұсынылып отырған Мұхтар Әуезовтің Күләшқа арналған «Три портрета» атты («Пантера ханского дворца») мақаласының өзі үлкен олжа. Ұзақ жылдардан бері назардан тыс қалып отырған бұл құнды дүниелерді ғылыми айналымға тұңғыш болып енгізген зерттеуші-ғалымның еңбегі айтарлықтай.

Жалпы көпшіліктің есінде Күләштің ұлғайған шағындағы, яғни өмірінің соңғы жылдарында түскен бейнесі қалған. Оның бірден-бір айғағы халқымыздың бір туар «аңыз әншісі» Күләшқа арналған еңбектердің саны шектеулі болып, оларды қолда бар суретпен басып шығарған болса (олардың мұқабасы бұл кітапта көрсетілген), екінші жағынан баспа беттеріне үнемі мезі болған суреттер алынған. Осы тұрғыдан алғанда Ақлима Омарова жинақта Күләштің жалындап жанып тұрған жас кейіпін жаңғыртып, халықтың игілігіне оның нұрлы бейнесін қайтару мақсатында әр жылдары түскен фото материалдарымен безендірген. Ашып айтқанда мұнда қазақ бұлбұлының әр кезеңде алуан түрлі кейіпкерлердің бейнесін сомдаған суреттері, сондай-ақ оның өз отбасымен, әріптестерімен, ұлы тұлғалармен, ізбасарларымен, соғыс кезеңінде жауынгерлермен түскен фото материалдары және мақтау құжаттары ұсынылған. Бұрын соңды беймәлім болып келген және әншінің театр сахнасына қадам басып, биікке самғап ұшқан ажарлы кезін қалпына келтіру де құрастырушыға оңайлықпен келмеген сияқты.

Қазіргі кезде Қазақстан композиторларының шығармашылығы күрделі опера туындыларының тоқырау кезеңін өткеріп отыр. Себебі, кейінгі буын композиторларымыз опера жазғаныменен, бұл шығармалардың сахнада қойылып, тұрақталуы екіталай болып тұр. Оған заман куә, әлі күнге дейін театр сахнасында ХХ ғасырдың басында қазақ музыка мәдениетінің қалыптасуына үлес қосқан ардагерлердің туындылары қойылуда. Сол уақытты ойлай келе, заманның қиыншылығына бетпе-бет қарап, қалайша өнер және әдебиет майталмандары жоқтан бар жасап, театрдың іргесін қалап, дамыта білді деп таң қаласың. Ал қазіргі кезеңде бұл аманатты абыроймен жалғастыра алдық па деп ойланып, сол драматургтар мен композиторлардың рухы мен қайсарлығы бүгінгі жастардың бойында бар ма деп күрсінесің. Осы тұрғыдан алғанда да, келешек ұрпақ бұл еңбектен үлкен өнеге алады деп сенеміз. Соның негізінде болашақ ізбасарлар ұлы әнші Күләш Байсейітованың орындаушылық өнері және шығармашылық өмірбаянымен танысып ғана қоймай, кітаптың кейіпкері, замандастары және осы жинақтың авторы қол жеткізген жетістіктерінен тәлім-тәрбие алып, заманның талабына сай бәсекелестікке қабілетті, бар қиындықтарды жеңіп, жаңашылдыққа бет бұрудан тайсалмайтын, алаштың зиялы азаматтары болатындарына сенеміз!

Әр автордың талғамымен таңдалған кейіпкері өз бойындағы өлшемдерге лайықты болып келеді. Мысалы, Шоқан Уәлиханов қырғыздың әлемге әйгілі дастаны Манасты,

Мұхтар Әуезов ұлы ақын Абайды, Ахмет Жұбанов дәулескер күйші Құрманғазыны, Күләш Байсейітова қазақтың тұңғыш операсындағы Қыз Жібекті таңдауы кездейсоқ емес. Осыған қарап, негізгі кейіпкерлер мен автор арасындағы теңеуді ескергенде бір деңгейдегі туысқан тұлғалар ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, Күләш Байсейітова сол заманда қазақтың мәдени өміріне елеулі үлес қосып, еңбек етіп, тер төккен ерен әнші ретінде танылса, бүгінгі таңда Ақлима Омарова өз мамандығы мен кәсібі бойынша халқына адал қызмет атқарып, ата-бабаларымыздың қалдырған ғылыми қазынасын жаңғыртып жүрген ұлтжанды музыкатанушы екенін Қазақстанның бүкіл өнер қоғамы мойындайды!

## **Резюме**

### **«Родственные» личности музыкального искусства**

Данная рецензия посвящена сборнику статей, изданному в связи со 100-летием со дня рождения Народной артистки СССР – К.Ж.Байсеитовой.

### **«Related» persons of musical art**

## **Summary**

This review is devoted to the selected essays, published in connection with the 100th anniversary of birthday of K.Zh.Bayseitova, People's Artist of the USSR.

*29.01.2013 ж. түсті*